

С.Т. Жұмахан¹, С. Қозықан¹

¹Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ЕШКИ СҮТІНЕҢ ЖҰМСАҚ ІРІМШІК АЛУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЗЕРТТЕУ

Түйіндеме. Қазіргі уақытта әлемде балалар тағамы, емдік тағамдар өндірісінде, ірімшік өндіру кезінде сиыр сүтін ешкі сүтінен алмастыру үрдісі айқын байқалуда. Ешкі сүтінен өндірілген жұмсақ ірімшіктің артықшылығы сол, шикізаттың тиімді пайдаланылуы, дайын енімнің тағамдық құндылығының және шығарылымының жоғары болуына негізделген. Мақалада ешкі сүтінен жұмсақ ірімшік өндірудің технологиялық процесстері және енімнің сапасына әсер ететін факторларға жүргізілген зерттеу нәтижелері келтірілген. Атап айтқанда, ешкі сүтінен жұмсақ ірімшік алудың технологиялық параметрлері, сүтті пастерлеу тәртібі, ірімшік массасын алуға жұмсалатын бактериялды ашытқы, мәйек ферменті және CaCl_2 -дың онтайлы мөлшері зерттеліп, ақызыздық үйітындының физикалық-коллоидты қасиетін жақсарттың, ендеу кезінде құргақ заттың шыбымын кемітіп, дайын ірімшіктің шығарылымын жоғарылататын фермент пен ашытқының тиімді концентрациясы анықталды және олардың енімнің сапасына әсері туралы мәліметтер берілді.

Түйінді сөздер: ешкі сүті, ірімшік, ашытқы, мәйекті фермент, CaCl_2 .

• • •

Аннотация. В данное время в мире четко проявляется тенденция по замене коровьего молока козьим, особенно при производстве сыров, детского и лечебного питания. Преимуществом мягкого сыра из козьего молока является более эффективное использование сырья, высокая пищевая ценность продукта, а также высокий выход готового продукта. В статье представлены технологические процессы производства мягкого сыра из козьего молока и результаты исследований факторов, влияющих на качество продукции. В частности, были изучены технологические параметры получения мягкого сыра из козьего молока, порядок пастеризации молока, бактериальные дрожжи, расходуемые на получение сырной массы, оптимальное количество сычужного фермента и хлористого кальция, даны сведения о их влиянии на выход и качество продукции.

Ключевые слова: козье молоко, сыр, дрожжи, сычужный фермент, CaCl_2 .

• • •

Abstract. Recently, there has been an emerging tendency to replace cow's milk with goat milk, especially in the production of cheese, baby and medical nutrition. The advantage of soft goat cheese is a more efficient use of raw materials, high nutritional value of the product, as well as a high yield of the finished product. This article presents the technological processes of production of soft cheese from goat's milk and the results of research on factors that affect the quality of products. In particular, the technological parameters of obtaining soft cheese from goat's milk, the order of pasteurization of milk, bacterial yeast consumed to obtain cheese mass, the optimal amount of rennet and calcium chloride were studied, and information was given about their impact on the yield and quality of products.

Key words: goat milk, cheese, yeast, rennet, CaCl_2 .

Кіріспе. Ірімшік – сүт құрамындағы ақуызды коагуляциялау арқылы алынған үйітінды массасын еңдеу және оның пісіп-жетілуі нәтижесінде алынатын тагамдық енім. Пісіп-жетілу кезінде ірімшіктің барлық құрамдас бөліктері терең езгеріске ұшырайды, нәтижесінде енімде ароматтық және дәмдік заттар жиналады, ірімшікке тән консистенция мен суреттер пайда болады. Тагамдық және энергетикалық құндылығы жағынан ірімшік барлық сүт өнімдері ішінен бірінші орынды алады. Ірімшіктің тагамдық құндылығы, оның құрамындағы ақуыз бен майдың мелшеріне байланысты, 100 г толық майлы ірімшікте 28-30 г ақуыз, 32-33 г май бар. Ақуыз және май мелшерінің кеп болуына байланысты энергетикалық құндылығы жогары және 100 г енімде 200...400 ккал құрайды [1].

Сиыр сүтімен салыстырганда, ешкі сүтінен өндірілген ірімшіктер арнайы иісі және өткір дәмімен, нәзік консистенциясымен ерекшеленеді. Ешкі сүтінен өндірілген ірімшіктер протеин, фосфор, ретинол және В2 дәруменіне бай. Құрамындағы ақуыз, кальций, цинк және дәрумендер мелшері бойынша сиыр сүтінен өндірілген ірімшікпен бірдей болып келеді. Ешкі сүтінен өндірілген ірімшіктің пайдасы: азага жеңіл сіңіріледі, құрамындағы кеп мелшердегі пайдалы бактериялар асқазан-ішек жолдарының жұмысын және зат алмасуды ретке келтіруге көмектеседі, сондай-ақ сиыр сүтінен жасалған өнімдерге аллергиясы бар адамдарга, ешкі сүтінен өндірілген ірімшік таптырмас ем. Себебі гипоаллергенді болып табылады. Сондай-ақ, ешкі сүтінен өндірілген жогары технологиялы тагам өнімдерінің (ірімшік, ақуыздық өнімдер т.б.) адамның рационалды, толық және

дұрыс тамақтануына әсері зор болып табылады [2,3]. ірімшік ендірісі кезінде сүт ақуыздарының бактериялды ашытқылармен және мәйек ферментімен ұюы маңызды процестердің бірі болып табылады. Гель тұзилу процесінің ұзақтығы және тұзілген ұйытындының сапасы сүттің, бактериялық ашытқылардың, мәйек ферментінің құрамы мен қасиеттерінен, сүттің қышқылдығына, ұю температурасына, кальций хлорының мелшерінен, сүтті пастерлеу тәртіпперінен байланысты болады [4].

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Ғылыми жұмыста ешкі сүтінен ендірілген ірімшіктің технологиялық параметрлері ұсынылды. Зерттеу жүргізу барысында енгізілетін ашытқы мен мәйекті ферменттің, кальций тұзының тиімді мелшері анықталды. Дағын ірімшіктің сапалық көрсеткіштері зерттелді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу обьектілері ретінде: ешкі сүті (МЕМСТ 32940-2014), «Danisco» ашытқысы, «ВИВО-АКТИВ» ферменті (МЕМСТ 52688) және CaCl_2 пайдаланылды. Сүт пен дағын енімнің сапалық көрсеткіштерін анықтағанда келесі әдістер қолданылды: органолептикалық көрсеткіштерін МЕМСТ 5678-93, май мелшерін МЕМСТ 5867-90, ылғал және құргақ заттардың мелшерін МЕМСТ 3626-73, ақуыздың массалық үлесін МЕМСТ 25179-90, тығыздығын МЕМСТ 5867-93, титрлік қышқылдығын МЕМСТ 3624-92.

Зерттеу нәтижелерін талдау. Ешкі сүтінен жұмсақ ірімшік ендірудің технологиялық процестері негізінен мына операциялардан тұрады: сүтті қабылдау және дағындау; пастерлеу ($72\text{-}74^{\circ}\text{C}$, 15-20 сек); салқындану (10 ± 2); сүтті жетілдіру; ($32\pm2^{\circ}\text{C}$) ұйыту; сарысады белу; қалыптау және пресстеу (12 сағ.); тұздау (30-40 мин.); жетілдіру; сақтау ($2\text{-}4^{\circ}\text{C}$, 80-85%).

Ешкі сүтінен жұмсақ ірімшікті ендіру процесінде тұзілетін ұйытынды массасының шығымы, ұйытындының сапасы және ұйытындының одан әрі ендеуге жарамдылығы, сүттің қышқылдығына, пастерлеудің температуралық режимдері, ұйытатын фермент, ашытқы және енгізілетін хлорлы кальцийдің мелшері сияқты бірқатар факторларға байланысты. Сүтті пастерлеу температурасының жоғары болуы, фосфор, кальций тұздары мен казеиннің фосфаттық кешені арасындағы тепе-тендіктің бұзылуына, казеиннің дисперстік дәрежесінің езгеруіне, еритін кальций тұздарының ерімейтін жағдайға кешуіне, жалпы сүттің мәйекті ферментпен ұйыту қабілетінің нашарлауына әкеп соқтыратыны белгілі.

Сондықтан сүт ақуызының тұнбага тұсу қасиетін қалпына

келтіретін технологиялық тәсілді – сұтті жетілдіру (қышқылдығын арттыру) процесі қолданылды. Ешкі сұтнің қышқылдығын 0,1% мелшерде ашытқы қосып, $10\pm2^{\circ}\text{C}$ температурада 16 сағат, титрлік қышқылдығы 23°T дейін арттырылды. Сұттің қышқылдығы артқан сайын мәйекті ферментпен үюы жақсарып, үйытындының түзілу уақыты соғұрлым қысқарды. Сұтті пастерлеу үшін $63-65^{\circ}\text{C}$ та 30 мин, $72-74^{\circ}\text{C}$ та 15 сек. және $80-85^{\circ}\text{C}$ та ләзде пастерлеу режидері таңдалынды.

1-кесте. Ешкі сұтні пастерлеу температурасының мәйекті үю процесінеге әсері

Көрсеткіш	Пастерлеу режимдері, $^{\circ}\text{C}$		
	63-65 $^{\circ}\text{C}$	72-74 $^{\circ}\text{C}$	80-85 $^{\circ}\text{C}$
Үю ұзақтығы, сағ.	8	10	12
Синеретикалық қасиеті, мл	30,6	27,5	24,6
Сарысудағы құрғақ заттың массалық үлесі, %	5,04	5,35	6,60

1-кестеде көрсетілген көрсеткіштер бойынша, ешкі сұтні пастерлеу режимінің жоғарылауына байланысты, үйытындының үю ұзақтығы да артты. Таңдал алынған режимдердің ішінде $72-74^{\circ}\text{C}$ температурада түзілген үйытындының тығыздығы және синеретикалық қасиетімен ерекшеленді. Температураның жоғарылауымен сарысудағы құрғақ заттың мөлшері арттындығы да байқалды. Мәйекті үюдін ұзақтығын, синеретикалық қасиетін және сарысудағы құрғақ заттың массалық үлесін зерттеу арқылы $72-74^{\circ}\text{C}$ температурада пастерлеу тиімді режим ретінде таңдалды. Жұмсақ ірімшік өндірудің технологиялық параметрлеріне зерттеу жүргізу барысында енғізілетін ашытқы мен мәйекті ферменттердің тиімді мөлшері анықталды. Зерттеу (32 ± 2) $^{\circ}\text{C}$ температурада жүргізілді, үйытындының түзілу ұзақтығы – 8-14 сағ. құрады.

2-кесте. Ірімшік массасының сапасына қосымша шикізат мөлшерінің әсері

Үні №	Ашытқы, г	Фермент, г/100 кг	Са түзі, г/100 кг	Ұйыт-Нұдай түзү үзактығы, сағ.	Ірімшік массасының органолептикалық көрсеткіштері
1	1	4	-	14	Консистенциясы жұмсақ, әлсіз үйін тынды тузілді.
2	2	6	15	12	Консистенциясы тығыз, кесіндісінде ақуыз үлпектері жоқ, сарысуы жақсы белінген, ірімшік дәндері оңай кесіледі.
3	3	8	30	10	Консистенциясы жеткілікті тығыз, кесінді суреті дұрыс, сарысуы толық белінген, ірімшік дәндері жақсы кесіледі
4	4	10	45	8	Консистенциясы жеткілікті тығыз, кесіндісінде ақуыз үлпектері жоқ, сарысуы толық белінген, ірімшік дәндері қыын кесіледі.

2-кестеде көлтірілген мәліметтерден, пастерленген сүтке қосылған ашытқы, фермент және хлорлы кальцийдің мелшеріне байланысты 8-14 сағ. аралығында ірімшік массасы түзілетіндігі анықталды. Зерттеулер нәтижесі бойынша, №3 үлгінің органолептикалық көрсеткіштері талапқа сай болды. Жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сәйкес, дайын болған жұмсақ ірімшіктің органолептикалық және физика-химиялық көрсеткіштері зерттелді (3-кесте).

3-кесте. Дайын енімнің органолептикалық және физика-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	№ 1 үлгі	№ 2 үлгі	№3 үлгі	№ 4 үлгі
Органолептикалық көрсеткіштері	Бағт тәлігінде ашылғанда үлгіліш. Тұбызы емес, дәмі-таза, сұтқыларды, пастеризациалық ийсі сәзіреді, тұтқын ашылғанда да ыңғайтып көрінеді.	Беті төсіс, ко-ситтәңдікциясы-т-ағ-ла ұчымдағы, дәмі-таза, деңгел, ашылғанда қышқыл-шаша-пия ийсі сәзіреді, сүреті-жоқ, түсі-зак, ірішілікі кесінінде саңы діктап көзделетіндейді.	Бағт төсіс, көнгімистенциациясы-қатты тұбызы, дәмі-таза (катты қышқыл, пастеризациалық ийсі сәзіреді) мүжет-жоқ, түсі-зак, ірімшілкі көзделетіндейді.	Бағт төсіс, көнгімистенциациясы-задат түтпіш, дәмі-таза. Күштік сүреті -жоқ, түсі-зак, көзделетінде сәр-дектар көздес неңди.
Май, % кем емес	41	40	39,5	38
Ылғал-дұлдырығы, % кеп емес	73	68,0	62,5	60,0
Тұздың мелшері, % кеп емес	2,0	2,0	2,0	2,0
Сақтау үзақтығы, күн	10	10	10	10

3-кестеде дайын енімнің органолептикалық және физика-химиялық көрсеткіштері анықталды. 4 үлгінің ішінде органолептикалық, физика-химиялық көрсеткіш бойынша № 3 үлгі сай екендігі анықталды.

Қорытынды. Ешкі сүттіңен жұмысқа ірімшілкі өндіру процесінде түзілетін үйітындының сапасы және одан әрі ендеуге жарамды болуы, дайын енімнің шығымының жогары болуы үшін бірнеше факторлар қарастырылды. Пастерлеу режимдерінің үзү процесінде әсері зерттеліп, таңдал алынған режимдердің ішінде 72-74°C 15-20 секунд пастерлеу тиімді болып саналды. Сүттің мәйекті үзү үзақтығы

пастерлеу режимінде 10 сагатты құрады, синеретикалық қасиеті – 27,5 мл сарысудагы құргақ заттың массалық үлесі – 5,35 % құрады. Жұмсақ ірімшік ендірудің технологиялық параметрлеріне зерттеу жүргізу барысында енгізілетін ашытқы мен мәйекті ферменттердің, кальций тұзының тиімді мелшері анықталды. 4 үлгі алдында, ішінен № 3 үлгінің (3:8:30) органолептикалық көрсеткіштері талапқа сай болды, үшінші үлгінің (3:8:30) органолептикалық көрсеткіштері талапқа сай болды.

Дайын жұмсақ ірімшіктердің органолептикалық, физика-химиялық көрсеткіштері зерттелді. Зерттеу нәтижесі бойынша, № 3 үлгі сай екендігі анықталды, физика-химиялық көрсеткіштері бойынша май мелшері – 39,5 %, ылгалдылығы – 62,5%, тұздың мелшері – 2,0% болатын органолептикалық қасиеті бойынша ешбір ірімшік ақауынсыз, нормативтік құжаттарға толығымен сай ешкі сүтінен жұмсақ ірімшік үлгісі таңдалды.

Әдебиеттер

1 Диханбаева Ф.Т. «Сүт және сүт енімдері технологиясы: оқу құралы» - Алматы, 2006. – 1006.

2 Қозықанқызы С., Сүт қоректілөр сүттерінің құрамы және физиологиялық құндылығы, «Салауатты емір салтын қалыптастырудың, аурудың алдын алаудың және денсаулықты нығайтудың езекті мәселелері», №1, 2012 ж.

3 Мұхтарханова Р.Б. «Сыр технологиясы: оқу құралы» -Алматы: АТУ, 2009. – 776.

4 Ермилова Н. «Козье молоко, козий сыр и козья шерсть. М.: Издательство: -АСТ. Серия: Академия здоровья и удачи, 2010. – 250с.

Жұмахан С.Т., магистранты, e-mail: zh_sulu@mail.ru

Қозықан С., техника ғылымдарының кандидаты, e-mail: sabira.713@mail.ru